

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2021 ж. «19» __07____
№ N040911 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

▼ Дәрілік препарат қауіпсіздігі туралы жаңа мәліметтерді жылдам анықтауға ықпал ететін қосымша мониторингілеуге жатады. Бұл қысқа мерзімде қауіпсіздігі туралы жаңа ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерінен кез келген күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлауды сұраймыз.

Саудалық атауы
Депакин®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Вальпрой қышқылы

Дәрілік түрі, дозасы
5 г/100 мл, 150 мл шәрбат

Фармакотерапиялық тобы
Жүйке жүйесі. Эпилепсияға қарсы препараттар. Май қышқылдарының туындылары. Вальпрой қышқылы.
АТХ коды N03AG01

Қолданылуы
- ересектер мен балалардағы эпилепсияда монотерапия ретінде немесе эпилепсияға қарсы басқа препараттармен біріктіріп, жайылған (клонустық, тонустық, тонус-клонустық, абсанс, миоклонустық және атониялық ұстамалар; Леннокс-Гасто синдромы), сондай-ақ фокальді эпилепсияны (салдарлық кең жайылған немесе онсыз фокальді ұстамаларды) емдеуге

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

- егер бензодиазепинмен үзілісті профилактика тиімсіз болса, балаларда асқынған фебрильді құрысулар критерийлеріне сай келетін бір немесе бірнеше фебрильді құрысулардан кейін құрысулардың қайталануының профилактикасында.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- анамнезінде вальпроатқа, вальпроат семинатрияға, вальпроатидке немесе препараттың қандай да бір компоненттеріне жоғары сезімталдық
- қолайлы баламалы емдеу жоқ жағдайларды қоспағанда, жүктілік
- жүктілікті болдырмау жөніндегі бағдарламаның шарттары орындалатын жағдайларды қоспағанда, бала тууға қабілетті әйелдерде қолдану
- жедел гепатит
- созылмалы гепатит
- әсіресе дәрілік препараттардан туындаған пациенттің жеке немесе отбасылық анамнезінде ауыр гепатит жағдайлары
- бауыр порфириясы
- митохондриялық фермент γ -полимеразаны (POLG, мысалы, Альперс-Гуттенлохер синдромы) кодтайтын ядролық гендегі мутациялардан туындаған диагностикаланған митохондриялық бұзылулар және POLG байланысты бұзылудың болуына күдік бар 2 жасқа дейінгі балалар
- шайқураймен біріктіріп қабылдау
- мочевинаның түзілу циклының диагностикаланған бұзылуы

Қолданған кездегі қажетті сақтандыру шаралары

Ескертулер

Жүктілікті болдырмау бойынша бағдарлама

Вальпроат жоғары тератогендік потенциалға ие, ал жатыр ішінде вальпроат әсеріне ұшыраған балаларда туа біткен ақаулар дамуы мен неврологиялық дамудың бұзылуы қауіпі жоғары. Вальпроатты емнің басқа әдістері тиімсіз немесе пациенттерге жағымсыздығы болған жағдайларды қоспағанда, бала туу қуаты бар әйелдер мен қыздарға тағайындауға болмайды. Егер ешбір басқа ем жасау мүмкін болмаса, төменде келтірілген жүктілікті болдырмау бойынша бағдарламаға сәйкес ем жүргізу керек.

Депакин[®] келесі жағдайларда қолдануға болмайды:

- жарамды баламалы ем болмаған жағдайларды қоспағанда, жүктілікте

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

– жүктілікті болдырмау бойынша бағдарламаның шарттарын орындау жағдайларын қоспағанда, бала тууға қуаты бар әйелдерде қолдану Жүктілікті болдырмау бойынша бағдарламаның шарттары

Препарат тағайындайтын адам (емдеуші дәрігер) төмендегі жағдайларға сенімді болуы тиіс:

–әр жағдайда пациент-әйелмен ақылдасу арқылы жеке жағдайларда жай-жапсар дара бағаланды, оны үйретуге кепілдікпен, ем нұсқаларын талқылаумен және пациент әйелдің қауіпті ұғынуы мен қауіпті ең аз етуге қажетті шараларды қамтамасыз ету.

–барлық пациент-әйелдер үшін жүктілік ықтималдығы бағаланады.

–пациент-әйел жатыр ішінде вальпроат әсеріне ұшыраған балаларда бұл қауіптің шамасын қоса, туа біткен ақаулар дамуы мен неврологиялық дамудың бұзылуы қауіп болатынын түсінеді және растайды.

–пациент-әйел қажет болған жағдайда ем бастар алдында және ем кезінде жүктілікке тест өту қажеттігін түсінеді.

–пациент-әйел контрацепция жөнінде кеңес алады және пациент-әйел вальпроатпен емнің барлық барысы бойына үздіксіз тиімді контрацепция сақтай алады.

–пациент-әйел эпилепсия емдеуде тәжірибесі бар маманның ұдайы қайта қарауы қажеттігін (ең азы жыл сайын) түсінеді.

–пациент-әйел жүктілікті жоспарлағаннан кейін дереу ұрықтануға дейін және контрацепция пайдалануды тоқтатқанға дейін баламалы ем нұсқасын ақылдасу және мезгілінде ауысуды қамтамасыз ету үшін өзінің дәрігерімен кеңесу қажеттігін түсінеді.

–пациент-әйел жүкті болған жағдайда жедел түрде дәрігерге қаралу керегін түсінеді.

–пациент-әйелдің пациентке арналған нұсқауды алуы.

–пациент-әйел өзінің вальпроат пайдалануға байланысты (Қауіптермен жыл сайын танысу түрі) қауіпті және қажетті сақтық шараларын түсінгенін растайды.

Бұл шарттар сондай-ақ ем тағайындайтын тұлға жүктіліктің қауіп жоқтығын растайтын маңызды себебі бар деп санайтын жағдайларды қоспағанда, қазіргі уақытта жыныстық қатынасқа түспейтін әйелдерге қатысты.

Қыздар

Препарат тағайындайтын адам (емдеуші дәрігер) мынаған сенімді болуы тиіс:

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

- қыздың ата-анасы/қамқоршысы вальпроат қабылдайтын қызда бірінші етеккір басталғаннан кейін дереу маманға қаралу керегін түсінеді.
- бірінші етеккір басталған қыздың ата-анасы/қамқоршысы жатыр ішінде вальпроат әсеріне ұшыраған балаларда бұл қауіптің шамасын қоса, туа біткен ақаулар дамуы мен неврологиялық дамудың бұзылуы қауіпі болатыны туралы толық ақпарат алған.
- бірінші етеккір басталған пациент қыздарда вальпроатпен ем қажеттігі жыл сайын қайта бағаланады және баламалы ем нұсқалары қаралады. Егер вальпроат емнің жалғыз дұрыс нұсқасы болса тиімді контрацепция және Жүктілікті болдырмау бойынша бағдарламаның барлық басқа шарттарын пайдалану қажеттігін ақылдасу керек. Емдеуші дәрігер қыздарды жыныстық жағынан толыққанға немесе кәмелетке жеткенге дейін баламалы емге ауыстыру үшін барлық мүмкіндігін пайдалануы тиіс.

Жүктілікке тест

Жүктіліктің бар-жоғын вальпроатпен емді бастағанға дейін анықтау керек. Жүктілікке теріс нәтижесі жоқ бала тууға қабілетті әйелдерде жүктілікте әдейі пайдаланбағанын жоққа шығару үшін денсаулық сақтау саласы қызметкері растаған, анықталған сезімталдығы 25 мХБ/мл кем емес плазма пайдаланылған вальпроатпен емдеу басталмауы тиіс. Жүктіліктің бұл тестін ем кезінде белгілі бір уақыт аралығында қайталап тұру керек.

Контрацепция

Вальпроат тағайындалатын бала тууға қабілетті әйелдер вальпроатпен емнің барлық кезеңі бойына үздіксіз тиімді контрацепция пайдалануы тиіс.

Бұл пациент әйелдерге жүктілікті болдырмау бойынша толық ақпарат берілуі тиіс және оларды егер олар тиімді контрацепция пайдаланбаса контрацепция мәселесі бойынша кеңес алуға жіберу керек.

Контрацепцияның ең кемі бір тиімді әдісін (дұрысы автономды формасын, жатырішілік спираль немесе имплантат сияқты) немесе бөгегіш әдісін қоса, екі қосымша формасын пайдалану керек. Контрацепцияның әдісін таңдағанда әр жағдайда жеке-дара істің мән-жайы пациент әйелмен талқылау арқылы бағалануы тиіс, бұл оның түсінігі болуына және таңдалған шараның сақталғанына кепілдік береді. Тіпті аменореяда, пациент әйелдер контрацепцияның тиімділігі бойынша барлық кеңесті орындауы тиіс.

Құрамында эстроген бар препараттар

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Құрамында эстроген бар гормональді контрацептивтерді қоса, құрамында эстроген бар препараттарды бір мезгілде қабылдау вальпроат тиімділігінің төмендеуіне ықтималды әкелуі мүмкін. Құрамында эстроген бар препараттарды қабылдауды бастағанда немесе тоқтатқанда клиникалық жауапқа мониторинг жүргізу қажет (ұстамаларды бақылау). Дегенмен, вальпроат гормональді контрацептивтердің тиімділігін төмендетпейді.

Дәрігердің емді жыл сайын қайта қарауы

Емдеуші дәрігер вальпроаттың пациент әйелді емдеу үшін барынша қолайлы препарат болатын-болмайтындығына кемінде жылына бір рет қайта қарауы тиіс. Емдеуші дәрігер жыл сайынғы қауіптермен танысу формасын жыл сайын қайта қараудың басында және барысында талқылауы тиіс және пациент әйелдің оның ішіндегісін түсінгеніне көз жеткізуі тиіс. Қауіптермен танысу формасы тиісті түрде толтырылуы және емдеуші дәрігер және пациент әйелдің (немесе оның заңды өкілінің) қолы қойылуы тиіс.

Жүктілікті жоспарлау

Егер әйел жүктілік жоспарласа эпилепсия емдеуде тәжірибесі бар маман вальпроатпен емді қайтадан бағалауы және емнің баламалы нұсқасын қарастыруы тиіс. Барлық мүмкіндікті тиісінше баламалы емге ұрықтануға дейін және контрацепция пайдалануды тоқтатқанға дейін ауысу үшін пайдалануға тырысу керек. Егер ауысу мүмкіндігі болмаса, әйел отбасын жоспарлауға қатысты негізделген шешімді қабылдауды қамтамасыз етуі үшін вальпроаттың сәби болашағы үшін қауіпіне қатысты қосымша кеңес алуы тиіс.

Жүктілік жаздайында

Егер вальпроат пайдаланған әйел жүкті болып қалса, оны дереу вальпроатпен емдеу қажеттілігін қайтадан бағалау және баламалы емді қарастыру үшін маманға қарату керек. Вальпроат пайдаланушы жүкті болып қалған пациент әйелдерді және олардың жұптастарын вальпроат әсеріне ұшыраған жүктілікке қатысты бағалау және ақылдасу үшін тератологиядан тәжірибесі бар маманға қарату керек.

Оқыту материалдары

Жүктілік кезінде денсаулық сақтау саласы мамандарына көмек беру және пациент әйелдердің вальпроат әсерінен аулақ болуы үшін, Тіркеу куәлігінің ұстаушысы вальпроаттың тератогендігі (дамудың туа біткен ақаулары) және фетоуыттылығы туралы (неврологиялық дамудың

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

бұзылуы) алдын алу шараларын күшейту үшін ақпараттық материалдар береді және вальпроатты ұрпақ өрбіту әлеуеті бар әйелдерде пайдалануға қатысты нұсқаулар және Жүктілікті болдырмау бойынша бағдарлама туралы толық мәлімет береді. Пациентке арналған нұсқаулық және пациент карточкасын бала тууға қабілетті вальпроат пайдаланатын барлық әйелдерге беру керек.

Жыл сайынғы қауіптермен танысу формасын пайдалану керек, оны вальпроатпен ем басталған кезде және жылдағы оны қайта қарау барысында тиісті түрде толтырылуы және маманның және пациенттің (немесе оның заңды өкілінің) қолы қойылуы тиіс.

Ұстамалардың қайта жаңғыруы

Басқа эпилепсияға қарсы препараттар сияқты, жақсару орнына вальпроатты қабылдау ұстамалар жиілігінің және ауырлығының (эпилепсиялық статусты қоса) қайта басталуына немесе жаңа ұстама типтерінің пайда болуына әкелуі мүмкін. Ұстамалар қайта жаңғырған жағдайда пациенттер емдеуші дәрігермен дереу кеңесуі керек.

Бұл ұстамаларды фармакокинетикалық әрекеттесулерден, уыттылықтан (бауыр ауруы немесе энцефалопатия) немесе артық дозаланудан туындауы мүмкін ұстамалармен салыстырып-саралау керек. Осы дәрілік препарат вальпрой қышқылына метаболизденетін болғандықтан, вальпрой қышқылының артық дозалануына жол бермеу мақсатында, оны сол трансформациядан өтетін басқа дәрілік препараттармен (мысалы: вальпроат семинатрия, вальпромид) біріктірмеген жөн.

Бауыр ауруы

Пайда болу жағдайлары

Сирек жағдайларда ауыр немесе кейде өліммен аяқталатын аурулар жөнінде мәлімделді. Жоғары қауіп тобын ауыр эпилепсиялық ұстамалары бар, әсіресе мидың зақымдануымен, ақыл-ой дамуының кідіруімен және/немесе тұқым қуалайтын метаболизмдік немесе дегенерациялық аурулармен қатар жүретін сәбилер және 3 жасқа дейінгі балалар құрайды. 3 жастан асқандарда мұндай асқынулар едәуір азаяды және жастың ұлғаюымен біртіндеп төмендейді.

Көптеген жағдайларда бауыр функциясының бұзылуы емдеудің алғашқы 6 айы ішінде, әдетте 2 және 12 апта арасында, көбіне эпилепсияға қарсы біріктірілген емде байқалады.

Ескертуші белгілер

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Клиникалық симптомдар ерте диагностика жасау үшін маңызы жоғары. Атап айтқанда, екі жағдай, әсіресе сарғаюдың алдында жүруі мүмкін қауіп тобындағы пациенттерге қатысты назарға алынуы тиіс:

- біріншіден, әдетте кенеттен пайда болатын, астения, анорексия, летаргия, ұйқышылдық, кейде қайталанатын құсумен және іштің ауыруымен қатар жүретін спецификалық емес симптомдар.

- екіншіден, тиісті емді ұстануды сақтауға қарамастан, эпилепсия ұстамаларының қайта басталуы.

Пациенттерді, ал егер бұл балалар болса, олардың отбасын осындай кез келген белгілер пайда болғанда дәрігерге дереу қаралу керектігінен хабардар ету керек. Клиникалық зерттеулерден басқа, бауырдың функционалдық сынамаларын бірден жасаған жөн.

Анықталуы

Емнің алғашқы 6 айы ішінде бауыр функциясына жүргізілген сынаманы мерзім сайын бақылау қажет.

Классикалық тестілердің ішінде бауырда ақуыздың синтезін, әсіресе протромбин деңгейін көрсететін тестілер жөндірек. Протромбин уақыты деңгейінің төмендігі аномальді түрде айғақталған жағдайда, әсіресе, егер зертханалық талдауларда тағы басқа аномальді ауытқулар (фибриноген деңгейінің және ұю факторларының елеулі төмендеуі және билирубин мен бауыр трансминазалары деңгейлерінің жоғарылауы) байқалса, емдеу тоқтатылуы тиіс (сақтық шарасы ретінде біріктіріп тағайындағанда салицилат туындыларымен емдеуді тоқтатқан жөн, өйткені олардың метаболизм жолдары бірдей).

Панкреатит

Өте сирек жағдайларда өлімге әкелуі мүмкін панкреатит байқалды. Бұл жағдайлар пациенттің жасына және емдеу ұзақтығына қарамай-ақ байқалды, бұл ретте кіші жастағы балалар ерекше қауіп тобына жатады.

Жағымсыз аяқталатын панкреатит әдетте кіші жастағы балаларда немесе ауыр ұстамалары бар, неврологиялық бұзылулары бар немесе эпилепсияға қарсы бірнеше дәрілермен ем қабылдаған пациенттерде байқалады.

Егер панкреатит бауыр жеткіліксіздігімен қатар пайда болса, өліммен аяқталу қаупі жоғарылайды.

Іште қатты ауыру немесе асқазан-ішек тарапынан жүректің айнуы, құсу және/немесе анорексия сияқты белгілер пайда болған жағдайда панкреатитті диагностикалау жағын қарастыру керек және, ұйқы безі ферменттерінің деңгейі жоғарылаған пациенттерде, емдеуді тоқтатқан және қажетті баламалы емдеу шараларын қолданған жөн.

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Суицид қауіпі

Суицидтік ойлар және мінез-құлық бірнеше көрсетілімдері бойынша эпилепсияға қарсы дәрілермен емделген пациенттер арасында байқалды. Эпилепсияға қарсы дәрілерге жүргізілген рандомизацияланған, плацебо бақыланатын зерттеулерден алынған деректерді мета-талдау сондай-ақ суицидтік ойлар мен мінез-құлықтың пайда болу қауіпінің аздап жоғарылағанын көрсетті. Осы қауіптің себептері белгісіз, және де жергілікті деректер вальпроатты қолданғанда болатын жоғары қауіпті жоққа шығаруға мүмкіндік бермейді. Демек, пациенттер суицидтік ойлар мен мінез-құлықтың пайда болуына қатысты мұқият бақылауда болуы, және тиісті ем қарастырылуы тиіс. Пациенттер (және олардың қамқоршылары) суицидтік ойлар мен мінез-құлық пайда болған жағдайда дәрігерге қаралуы тиіс екендігінен хабардар болуы тиіс.

Белгілі немесе болжамды митохондриялық аурулары бар пациенттер.

Вальпроат митохондриялық ДНҚ мутациясынан, сондай-ақ кодталатын ядролық ген POLG туындаған клиникалық негізгі митохондриялық аурулардың белгілерін туындатуы немесе нашарлатуы мүмкін.

Атап айтқанда, жедел бауыр жеткіліксіздігі және бауыр ауруынан болатын өлім оқиғалары сияқты POLG гендегі мутациялардан туындаған тұқым қуалайтын нейрометаболизмдік синдромы, мысалы, Альперс-Гуттенлохер синдромы бар пациенттерде вальпроатпен емдеудің жоғары жиілігіне байланысты болды.

POLG байланысты бұзылыстарды, отбасылық анамнезінде POLG бар немесе POLG байланысты бұзылыстардың болжамды симптомдары, мысалы: түсініксіз энцефалопатиясы, рефрактерлық эпилепсиясы (фокальді, миоклониялық), бірінші тексеру сәтіндегі эпилепсиялық статусы, даму іркілісі, психомоторлық регрессиясы, аксональді сенсомоторлық нейропатиясы, миопатиясы, мишық атаксиясы, офтальмоплегиясы немесе желкелік ауралы асқынған бас сақинасын қоса, бірақ онымен шектелмей, пациенттерде күдікпен болжау керек.

POLG мутациясына тест жүргізу осындай бұзылуларды диагностикалық бағалауға арналған ағымдағы клиникалық практикаға сәйкес орындалуы тиіс.

Когнитивті немесе экстрапирамидальді бұзылыстар

Когнитивті немесе экстрапирамидальді бұзылыстар нейровизуализация кезінде церебральді атрофияны анықтаумен байланысты болуы мүмкін. Осылайша, клиникалық көріністің бұл түрін деменция немесе Паркинсон

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

ауруымен шатастыруға болады. Бұл бұзылулар емдеуді тоқтатқан кезде қайтымды.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Қарсы көрсетілімдегі біріктірулер

Шайқураймен біріктірілімі

Эпилепсияға қарсы дәрілердің плазмадағы концентрациясының төмендеу және тиімділігінің төмендеу қаупі бар.

Ұсынылмайтын біріктірілімдер

Ламотриджинмен біріктірілімі

Ауыр тері реакцияларының анағұрлым жоғары даму қаупі бар (уытты эпидермальді некролиз).

Бұдан басқа, ламотриджиннің плазмалық концентрациясы жоғарылауы мүмкін (натрий вальпроаты есебінен бауыр метаболизмі төмендейді).

Бірге қолдану қажет болған жағдайларда мұқият клиникалық мониторинг жүргізу қажет.

Пенемдермен біріктірілімі

Плазмадағы анықталмай қалуы мүмкін вальпрой қышқылы концентрацияларының жылдам төмендеуі аясында ұстамалардың пайда болу қаупі бар.

Қолданған кезде сақтандыру шараларын талап ететін біріктірілімдер

Ацетазоламидпен біріктірілімі

Энцефалопатияның даму қаупі жоғары гипераммонемияның жоғарылауы мүмкін.

Клиникалық және зертханалық параметрлерді тұрақты мониторингтеу талап етіледі.

Азтреонаммен біріктірілімі

Вальпрой қышқылының плазмалық концентрацияларының төмендеуі салдарынан ұстамалардың өршу қаупі бар. Клиникалық қадағалау, препараттың плазмалық концентрациясын анықтау керек, инфекцияға қарсы дәрімен емдеу кезінде және оны тоқтатқаннан кейін құрысуға қарсы дәрілердің дозасы түзетілуі мүмкін.

Карбамазепинмен біріктірілімі

Артық дозалану белгілерімен плазмада карбамазепиннің белсенді метаболиті концентрациясының жоғарылауы туындауы мүмкін. Бұдан бөлек, карбамазепин әсерінен вальпрой қышқылының бауырлық метаболизмінің күшеюіне байланысты вальпрой қышқылының плазмалық концентрациялары төмендейді.

Клиникалық қадағалау, препараттың плазмалық концентрациясын анықтау

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

және құрысуға қарсы дәрілердің екеуінің де дозасын түзету қажет.

Фелбаматпен біріктірілімі

Сарысуда вальпрой қышқылы концентрациясының, артық дозалану қаупін тудыра отырып, жоғарылауы туындауы мүмкін.

Клиникалық бақылау, зертханалық параметрлерді мониторингтеу талап етіледі және фелбаматпен емделу барысында және оны тоқтатқаннан кейін вальпрой қышқылының дозасын түзету керек.

Құрамында эстроген бар препараттар, құрамында эстроген бар гормональді контрацептивтер

Эстрогендер вальпроатты глюкуронизациялауға тартылған УДФ-глюкуронозилтрансфераза (УГТ) изоформаларын индукциялайды және вальпроат клиренсін арттыруы мүмкін, бұл сарысуда вальпроат концентрациясының төмендеуіне және вальпроат тиімділігінің әлеуетті төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сарысуда вальпроат деңгейіне мониторинг жүргізу ұсынылады.

Екінші жағынан, вальпроат энзим-индукциялаушы әсерге ие емес; соның салдарынан вальпроат гормональді контрацептивтерді қабылдайтын әйелдерде құрамында эстроген бар препараттардың тиімділігін төмендетпейді.

Нимодипинмен біріктірілімі (пероральді, экстраполяция жолымен, инъекциялық енгізу)

Нимодипиннің плазмалық концентрацияларының ұлғаюының 50% қаупі бар. Қан қысымы төмен пациенттерде нимодипин дозасын төмендету керек.

Фенобарбиталмен біріктірілімде және примидонмен экстраполяция арқылы

Энцефалопатияның жоғары қаупімен гипераммонемияның жоғарылауы туындауы мүмкін.

Клиникалық және зертханалық параметрлерді ұдайы мониторингтеу талап етіледі.

Фенитоинмен біріктірілімі (және фосфенитоинға экстраполяциямен)

Энцефалопатияның жоғары қаупімен гипераммонемияның жоғарылауы туындауы мүмкін.

Клиникалық және зертханалық параметрлерді ұдайы мониторингтеу талап етіледі.

Пропофолмен біріктірілімі

Пропофолдың плазмалық концентрацияларының ұлғаюы орын алуы мүмкін. Вальпроатпен оны бір мезгілде қолданғанда пропофол дозасын төмендету туралы мәселені қарау керек.

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Рифампицинмен біріктірілімі

Рифампицин есебінен вальпроаттың бауыр метаболизмінің жоғарылауы нәтижесінде ұстамалардың пайда болу қаупі бар.

Клиникалық бақылау, зертханалық параметрлерді бақылау талап етіледі және қажет болса, оны тоқтатқаннан кейін де рифампицинмен емдеу кезінде құрысуға қарсы дәрілердің дозасын түзетуге болады.

Руфинамидпен біріктірілімі

Руфинамидтің плазмалық концентрациясының ұлғаюына әкелуі мүмкін, атап айтқанда, салмағы 30 кг аз балаларда.

Салмағы 30 кг аз балаларда: жалпы доза тәулігіне 600 мг, дозаны титрлеуден кейін асырылмауы тиіс.

Топираматпен біріктірілімі

Энцефалопатияның жоғары қаупімен гипераммонемияның ұлғаюы орын алуы мүмкін.

Клиникалық және зертханалық параметрлерді ұдайы мониторингтеу талап етіледі.

Зидовудинмен біріктірілімі

Вальпрой қышқылының есебінен Зидовудин метаболизмінің төмендеуі аясында Зидовудиннің жанама әсерлерінің, әсіресе гематологиялық әсерлердің пайда болу жиілігінің арту қаупі бар.

Тұрақты клиникалық және зертханалық көрсеткіштердің мониторингі қажет. Біріктірілімдегі емнің алғашқы екі айында анемияны анықтау үшін гемограмма жүргізу керек.

Зонисамидпен біріктірілімі

Энцефалопатияның даму қаупі жоғары гипераммонемияның жоғарылауы мүмкін.

Клиникалық және зертханалық параметрлерді тұрақты мониторингтеу талап етіледі.

Өзара әрекеттесулердің басқа да түрлері

Литиймен біріктірілімі

Депакин® сарысудағы литий концентрациясына әсер етпейді.

Арнайы ескертулер

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Осы дәрілік препаратты ламотриджинмен және пенемдермен бір мезгілде қолдануға болмайды.

Натрий мөлшерімен байланысты ақпарат

Осы дәрілік препараттың құрамында 100 мг натрий вальпроатына 1 ммольден кем (23 мг) натрий бар, яғни іс жүзінде «натрийсіз».

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Әсері белгілі қосымша заттармен байланысты ақпарат

Осы дәрілік препарат фруктоза, глюкоза көтере алмаушылығы және галактоза мальабсорбция синдромы немесе сахараза-изомальтаза жеткіліксіздігі (сирек тұқым қуалайтын аурулар) бар пациенттерге ұсынылмайды.

Бұл дәрілік препарат құрамында бір мл-не 105 мг сорбитол бар. Бұл препаратты тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы бар пациенттерге қабылдауға болмайды.

Бұл препараттың құрамында парагидроксибензоат бар және баяу түрдегі аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.

Емдеуді бастар алдында бауыр функциясының сынамаларын тексерген, және мұны, әсіресе қауіпті топқа жататын пациенттерде алғашқы алты ай бойы мезгіл-мезгіл жүргізген жөн.

Эпилепсияға қарсы көптеген дәрілерді қолданғанда қандай да бір клиникалық белгілерсіз, әсіресе емнің бас кезіндегі сияқты, трансаминазалар деңгейлерінің жекелеген және өткінші, орташа жоғарылайтынын ерекше атап өткен жөн.

Бұл жағдайда анағұрлым ауқымды биологиялық зерттеулер (протромбин деңгейін қоса) ұсынылады; қажет болғанда дозаны түзету қарастырылуы мүмкін және қажет болса талдауларды қайталау керек.

Үш жастан кіші балаларға қатысты вальпроатты осы топтағы пациенттер арасында бауыр ауруының немесе панкреатиттің даму қаупіне қатысты емдік пайдасы өлшенгеннен кейін монотерапия ретінде қолдану ұсынылады.

Емдеуді бастар алдында, сосын 15 күннен соң және емнің соңында, сондай-ақ хирургиялық араласым алдында және гематома немесе кездейсоқ қан кету пайда болған жағдайда (қанның толық талдауы, тромбоциттер санын, қан кету уақытын және ұю параметрлерін анықтауды қоса) қанды талдау керек.

Балаларға қатысты гепатоуыттылықтың даму қаупі және қан кету қаупіне байланысты, салицилат туындыларымен бір мезгілде тағайындауға жол бермеген жөн.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге қатысты қан айналымдағы вальпрой қышқылының концентрациясының жоғарылайтынын ескеру және дозалануын тиісті түрде төмендету керек.

Бұл дәрілік препаратты мочевианың түзілу циклінде ферменттер тапшылығы бар пациенттерге қолдануға болмайды. Осындай пациенттердің

Шешімі: N040911

Шешім тіркелген күні: 19.07.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

арасында мелшиюмен бірге немесе коматозды жағдайдағы гипераммониемия дамыған бірнеше жағдайлар болды.

Анамнезінде бауыр мен асқазан-ішек жолының түсініксіз бұзылулары (анорексия, құсу, цитолиздің жедел көріністері), летаргия немесе коматоздық жай-күй көріністері, ақыл-ой кемістігі бар немесе жаңа туған нәрестелер немесе сәбилер арасындағы өліммен аяқталған отбасылық анамнезі байқалатын балаларға қатысты кез келген вальпроатпен емдеу басталғанға дейін метаболизмдік тестілер, әсіресе ашқарынға және тамақ ішкеннен кейін қандағы аммиак деңгейлеріне талдау жүргізу қажет.

Иммундық бұзылулар осы дәрілік затты пайдалану кезінде ерекше жағдайларда ғана байқалғанымен, оның потенциалды пайдасын жүйелі қызыл жегісі бар пациенттерде оның потенциалды қауіпмен салыстыру керек. Пациенттерге емнің басында салмақтың арту қаупі туралы ескертілуі тиіс және қауіпті азайту үшін тиісті стратегиялар қабылдануы тиіс. Вальпроат организмнен негізінен несеппен, ішінара кетондық денелер түрінде шығарылатындықтан, кетондық денелердің шығарылуына қатысты тест қант диабеті бар пациенттерде жалған оң нәтижелер беруі мүмкін.

II типті карнитин пальмитоилтрансфераза (КПТ II) жеткіліксіздігі бар пациенттер вальпроатты қабылдаған кезде рабдомиолиз дамуының аса жоғары қаупі туралы хабарландырылуы тиіс.

Депакин® препаратымен емдеудің барлық кезеңі ішінде алкоголь қабылдауға болмайды.

Педиатрияда қолданылуы

